Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

12 шілде сейсенбі
№55 (1860)
2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Бұл – қоғам көкейіндегі сауал. Әсіресе әйелдер қауымы зейнет жасын төмендетсе деген тілегін айтып келеді. Әсіресе елдің үнін жоғарыға жеткізетін депутаттармен кездесу сайын зейнет жасы қозғалмай қалған емес. Өз кезегінде халық қалаулылары елдің ұсынысын депутаттық сауалға арқау етті. Кеше Үкімет басшысы Әлихан Смайыловтың депутаттардың зейнет жасына қатысты сауалдарына жауабын «Egemen.kz» сайты жариялады.

КАСПИЙ ҚҰБЫР КОНСОРЦИУМЫ: ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒАР ЖОЛ ҚАЙСЫ?

Неше күннен бері Ресей тарапы Қазақстанның құбырлы мұнай жолын жауып тастағаны айтылып, мамандар экономикаға едәуір шығын келеді деп дабыл қағуда. Біздің құбырлы мұнай жолы деп отырғанымыз – Каспий құбыр консорциумы. Өйткені Қазақстан мұнайының негізгі экспорттық бағыты да осы. Себебі экспортталатын ел мұнайының басым білігі осы бағыт арқылы шығарылады.

КАСПИЙ ҚҰБЫР КОНСОРЦИУМЫ ДЕГЕН НЕ?

Мәселенің мәнісіне үңілмес бұрын Каспий құбыр консорциумы деген не, соған түсінік берейік. 1998 жылы шыққан ұлттық энциклопедияда бұл консорциумды Қазақстанның Теңіз және басқа мұнай кеніштерінен Қара теңіз жағалауындағы Новороссийск қаласына дейін шикі мұнай тасымалдау үшін мұнай құбырын салу мақсатымен 1992 жылы Ресей, Қазақстан және Оман мемлекеттерінің компаниялары құрғаны айтылған. 1996 жылы желтоқсанда консорциумның құрылымын өзгерту туралы келісімге қол қойылды. Ол бойынша консорциум капиталының 50%-ы дүние жүзінің мұнай өндіруші алғашқы он ірі компаниясының құрамына кіретін халықаралық компаниялардың қолына көшті. Қалған 50% Қазақстан, Ресей, Оман мемлекеттеріне тиесілі.

Республикалық «Егемен Қазақстан» газетіне біз көтерген мәселе хақында жазылған мақалада желінің қуаттылығы жылына 67 млн тонна мұнайды құрайтыны жазылған. «Қазақпарат» ақпарат агенттігінің мәліметіне сүйенсек, 2018 жылы ҚҚК-ның Новороссийск портындағы теңіз терминалынан жөнелтілген барлық мұнайдың 54,3 млн тоннасы қазақстандық кен орындарда өндірілгені айтылған. Сол уақытта мұнайдың ең үлкен көлемі Теңізден - 28,7 млн тонна, Қашағаннан - 13,2 млн тонна және Қарашығанақтан 10,3 млн тонна түсті. ҚҚК арқылы Қазақстанның барлық экспорттық мұнайының үштен екі бөлігі тасымалданады. Бір сөзбен айтқанда, Каспий құбыр консорциумы Ресей аумағы арқылы қазақстандық мұнайды экспорттау және құбыр құрылысы үшін құрылған. ҚҚК қашықтығы 1511 шақырымды құрайтын «Теңіз-Новороссийск» мұнай құбырына ие. Ол Қазақстанның батысындағы кен орындарды Ресейдегі Қара теңіз жағалауымен байланыстырады.

2 БЕТТЕ

ЗЕЙНЕТ ЖАСЫ ТӨМЕНДЕЙ МЕ?

Премьер-министрдің пікірінше, зейнетақы жасын біріздендіру – қаражат үнемдеу емес, лайықты зейнетақымен қамтамасыз ету.

«2018 жылдан бастап әйел адамдардың зейнеткерлік жасы жыл сайын 6 айға артып келеді. Осы үдеріс кезең-кезеңімен 10 жылда іске асырылады. Зейнетақы жасын біріздендіру бюджет қаражатын үнемдеу үшін емес, лайықты зейнетақы мөлшерін қамтамасыз ету үшін енгізілген. Өзіңізге белгілі, қазақстандықтар бюджеттен базалық және ынтымақты зейнетақысын алады. Ынтымақты зейнетақы азаматтардың 1998 жылға дейінгі 2 еңбек өтілі мен соңғы 3 жылдық табысы негізінде есептелінеді. Нәтижесінде жыл сайын бұл төлемнің түрі кеміп, жинақтаушы зейнетақы үлесі өсетін болады. Сондықтан зейнетақы жасын төмендету зейнетақы салымдарының көлемінің кемуіне және осы жүйеден берілетін төлемдердің де күрт қысқаруына алып келеді», – деді Премьер-Министр.

Оның айтуынша, өмір сүру ұзақтығының өсуіне байланысты зейнеткерлік жасын көтеру үрдісі дамыған мемлекеттерде де, көршілес Әзербайжан, Армения, Ресей, Беларусь елдерінде де қолға алынуда.

«Осы өзгерістерді есепке ала отырып, елімізде зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттырудың жаңа шаралары пысықталып жатыр. Олардың аясында: 1)зейнетақының мөлшерін арттыруды көздейтін зейнетақымен қамсыздандыру жүйесіне параметрлік өзгерістер енгізу; 2) инфляция деңгейінен 2%-ға аса отырып, ынтымақты зейнетақы мөлшерін индекстеуді сақтау; 3) жұмыспен қамту мәртебесіне байланысты зейнеткерлік жасқа жақындап қалған әйелдер үшін жаңа қолдау шараларын анықтау. Әлеуметтік жобаларға тарта отырып, жұмыс істемейтін әйелдердің зейнетақы жүйесіне қатысу мерзімін ұзарту; 4) зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің демографиялық трендтерге және бюджет кірістеріне тәуелділігін төмендетуге арналған жинақтаудың шартты компонентін енгізу көзделген. Осы шаралар зейнеткерлердің барлық санаттары үшін зейнетақы төлемдерінің барабар мөлшерін қамтамасыз етеді», – деп жауап берді премьер-министр Әлихан Смайылов.

ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН ТАПСЫРМА ҚАЛАЙ ОРЫНДАЛУДА?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауының жарияланғанына біршама уақыт болды. Жолдауда қамтылған барлық мәселе қоғам үшін өзекті. Соның ішінде мемлекетті оңтайлы басқарудың жаңа үлгісіне өту, азаматтардың мүддесін лайықты қорғау және олардың мемлекет басқару ісіне қатысуын кеңейту бағыттарына баса назар аударылып, жүйелі жұмыстардың қолға алынуы қарапайым халықтың атқарушы билікке деген сенімін арттыра түскені жасырын емес.

Президент азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысуын кеңейту мәселелерін басым бағыттар қатарына жатқызып, тиісті тапсырмалар берді. Олар жүйелі түрде орындалып, азаматтардың мемлекетті басқару ісіне тарту ісі серпін алды. Соның бірі – ауыл әкімдерін халықтың өзі сайлау үрдісі. Бұл бастама Сыр өңірінде де жүйелі жүргізіліп келеді.



ПРЕЗИДЕНТ ПӘРМЕНІ

«Қазақстан дамудың келесі кезеңіне қадам басты. Әлеуметтік-экономикалық және демографиялық ахуал мүлде басқа. Бүгінгі сын-қатерлер де, міндеттер де бөлек. Мемлекетіміздің өркендеуі аймақтардың қуатты болуына тікелей байланысты. Мен бұл мәселеге 2019 жылғы Жолдауымда кеңірек тоқталдым. «Қуатты өңірлер – қуатты ел» деген ұстаным әрдайым өзекті. Осы орайда, еліміздегі әкімшілік-аумақтық құрылымның оңтайлы болуы өте маңызды. Бұл қай жағынан алсақ та дұрыс қадам болды. Оны халық өте жылы қабылдады. Мен «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаламда осы үрдіс жалғасатынын айтқан едім. Өңірлерді қаржыландыру жүйесін түбегейлі қайта қараған жөн. Қазіргі кезде ауылдық округтер жоғары тұрған әкімдерге толығымен тәуелді. Сондықтан мардымсыз қолдауға ие болуда. Әкімдер сайланатынын ескеріп, халықаралық озық тәжірибеге сәйкес, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын тікелей қаржыландыру тәсілін енгізген дұрыс болар еді. Сондай-ақ олардың меншік базасын едәуір кеңейту қажет», – деді Президент.

2 БЕТТЕ

ХАЛЫҚ ҮНІ

ЕЛДЕН СҰРАҚ, ӘКІМНЕН ЖАУАП

«Елден сұрақ, әкімнен жауап» айдары арқылы бұған дейін қалаға қарасты кенттер мен ауыл әкімдері тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді. Бүгінгі кезекте Талсуат ауылдық округі тұрғындарының сауалына ауыл әкімі Айбек Жылқыбай жауап берді.

2 БЕТТЕ

ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП

Қыс бойы суықтан шаршаған жұрттың жазды асыға күтетіні рас. Қытымыр аяздан шуақты күнге жеткенше күн санап кететініміз бар. Әрине, бар қызық осы мезгілмен келеді емес пе? Суға түсу маусымы да осы шақта басталады. Бұл әсіресе балалар үшін нағыз қуаныншты сәт.

Иә, Сырдың аптап ыстығында суға түспеу сірә, мүмкін емес. Сондықтан суға шомылудың сәтін үлкен-кішіміз де қалт жібермейміз. Өзен жағасында тұратын тұрғындар үшін бұл тіпті оңынан шешіліп-ақ тұр. Арнайы суға түсу орнына бармай-ақ өзенге түсіп сергіп алуға болады. Көп адам осылай ойлайды. Солай жақын маңнан өзен жағасына, каналға суға түсіп жатады. Сәтін салып сергіп алсаң жақсы ғой, соңы қайғыға ұласып жатса қиын.

Өкінішке орай, бәрі біз ойлағандай қызықты, қуаныншты бола бермейді. Қанша асығып күтсек те осы бір маусымның кейде көңілді сәтпен емес, қайғылы жағдаймен есте қалатыны жасырын емес.

ЖАЗ МАУСЫМЫ СУҒА КЕТУМЕН ЕСТЕ ҚАЛМАСЫН

ҚАЛАЛЫҚТАР ЖАЗДА ҚАЙДА ДЕМАЛАДЫ?

Қала тұрғындары жаз маусымында ПМК-29, «Сабалақ», «Эдельвейс», саяжайында орналасқан демалыс орындарына барады. Одан бөлек «Бәйгеқұм», «Қамбаш» көліне жол тартатындары бар. Тұрғындар аталған саяжай аумағына жаз бойы кемі 2 реттен баруы мүмкін. Ал соңғы екі көлге барып жазғы демалыстың нүктесін қояды.

Осы ретте көпшілік демалатын орынның талапқа сай келмейтінін де атап өткен жөн сияқты. Шағын бассейні бар бір аумақта 10-15 шақты орын бар. Әр орынға бір топ адамның орналасатынын ескерсек, аядай жерде қанша адамның шомылатынын ойша есептей беріңіз. Мұндайда санитарлық-гигиеналық талаптың сақтала қоюы екіталай. Одан бөлек қызмет көрсету сапасы да ойдағыдай бола бермейді. Біздегі ақсап тұрған дүниенің бірі – осы. Сондықтан жаз маусымындағы демалыс орнын жетілдіру қажет-ақ.

2 БЕТТЕ

АЖЫРАСУ МӘСЕЛЕНІҢ ШЕШІМІ МЕ?



Ажырасу... Бір ғана сөз көптеген ұйыған отбасының тағдырын бір сәтте басқа арнаға бұрып жібереді. Өкініштісі, шайқалған шаңырақтың зардабын бүлдіршіндердің тартатыны.

Қазіргі таңда «кеше үйленіп еді ғой, бір жылға толмай ажырасып кетіпті», «пәленшенің қызы ажырасып, қайтып келіп отыр» немесе «Түгеншенің келіні кетіп қалыпты» деген сөздерді жиі естиміз. Қоғамды дендеген бұл дерт елімізде соңғы жылдары тым көбейіп барады.

3 БЕТТЕ

КАСПИЙ ҚҰБЫР КОНСОРЦИУМЫ: ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒАР ЖОЛ ҚАЙСЫ?

РЕСЕЙ БИЫЛ МҰНАЙ ЖОЛЫН ҮШ РЕТ БҰҒАТТАҒАН

«Қазақстан» ұлттық арнасының ақпараттық-сараптамалық «Арта» бағдарламасында Ресейдің Каспий құбыр консорциумы желісін жыл басынан бері үш рет жапқаны айтылды. Яғни бес айда үш рет мұнай тасымалын тоқтатқан. ҚҚК іске қосылғалы 20 жыл өтті десек, содан бері бұл желі арқылы мұнай тасымалы бірде бір рет тоқтамаған көрінеді. Алайда биыл бұл байламды бұзуға түрлі себеп табылып жатыр. Нақтырақ айтсақ, наурыз айында ҚҚК-ның Новороссийск портындағы екі айлақтық қондырғысы істен шыққан кезде Ресей Қаратеңіздегі күшті дауыл себеп болғанын айтып, мұнай тасымалын тоқтатқан. Ал одан кейін теңіз түбінен аса қауіпті жарылғыш заттар анықталғандықтан солтүстіктегі көршіміз тағы да сол қадамға барды. Үшінші рет құжаттардан кілтипан тапқанға ұқсайды. Новороссийск қаласының Приморск аудандық соты ҚҚК жұмысын бір айға тоқтату туралы шешім шығарып отыр.

Дәл қазір Қазақстан экономикасы тікелей мұнайға тәуелді екені белгілі. Оның үстіне қара алтынның бағасы арзандады деген хабар бар. Ақпарат көздеріне сүйенсек, 11 шілде күні Нұр-Сұлтан уақыты бойынша сағат 10:36-да Brent маркалы мұнайдың қыркүйек фьючерстерінің бағасы 0,47%-ға, барреліне 106,52 долларға дейін, WTI-ге тамыз фьючерстерінің бағасы 0,79%-ға, 103,96 долларға дейін төмендеген. Сарапшылар бұл жағдайдың мұнай сұранысына да әсер етуі мүмкін екенін айтуда.

ҚҚК жұмысын бір айға тоқтату деген сөз Қазақстан бюджетіне соққы жасаумен бірдей секілді. Мамандардың айтуынша, бір айда елімізге 300 млрд теңге шығын келеді. Бюджетке түсетін салық – 50, экспорттан түсетін түсім 70 пайызға азаюы мүмкін. «Мұнай-сервис компаниялары одағының» төралқа төрағасы Рашид Жарылқасынов мұнайдың сапасына не құжатқа байланысты ешқандай мәселе жоқтығын алға тартады.

– Біз Еуропа мен Ресейдің текетіресіне, ортасындағы саудаға түсіп қалдық. Себебі Қазақстан дүниежүзі мұнай қорына 1,5 не 1,8 мұнай бергенмен, Еуропаға 30 пайызға дейін мұнай береміз. Біздің құбырды тоқтату арқылы Еуропадағы шикімұнай тапшылығын ұлғайту мақсаты жатыр. Сондықтан бұл Ресей мен Еуропаның ортасында шешілетін мәселе, – деді Р.Жарылқасынов «Арта» бағдарламасының эфирінде.

Елдің энергетика министрлігі ҚҚК жұмысы өз деңгейінде жүріп жатқанын мәлім еткен. Тіпті 6 шілдеде Каспий құбыр консорциумы Новороссийск қаласының Приморск аудандық сотына сот шешімінің орындалуын тоқтата тұру туралы өтініш жібергені белгілі болды. Онда Каспий құбыр консорциумының үздіксіз циклді кәсіпорын екені, оның қызметін тоқтату өндірістік процесс үшін қайтымсыз зардаптарға, техникалық объектіде қолайсыз және бақыланбайтын процестің пайда болуына әкелетіні баяндаған.

ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің көлік-транзиттік әлеуетін дамыту жөнінде кеңес өткізіп, бұл саланың экономикада ерекше рөл атқаратынын атап өтті. Сондай-ақ Президент Қазақстан теңіз арқылы тасымалдау әлеуетін толық пайдаланбағанын назарға салды. «Қазір заман басқа. Үкіметке порттарымызды Каспий теңізінің жетекші хабтарының біріне айналдыра отырып, трансформациялау жөнінде стратегиялық міндет жүктедім. Теңіз флотын нығайтып, Ақтау портында контейнерлік хаб құру қажет деген ұсыныспен толық келісемін», – деген Мемлекет басшысы Транскаспий бағдарын да сөз етті.

– Транскаспий бағдары басым бағыт саналады. «ҚазМұнайГазға» оны жүзеге асырудың оңтайлы нұсқасын, соның ішінде Теңіз жобасының инвесторларын тарту мүмкіндігін пысықтауды тапсырамын. Үкімет «Самұрық-Қазынамен» бірлесіп, Атырау – Кеңқияқ және Кеңқияқ – Құмкөл мұнай құбырларының қуатын арттыру жөнінде шаралар қабылдауы қажет, – деді Президент.

Президенттің пікірінше, отандық өнімнің экспортқа қауіпсіз әрі үздіксіз шығарылуын қамтамасыз ету үшін кешенді шаралар қабылдау қажет. Мемлекет басшысы еліміздің Орталық Азиядағы көшбасшылығын сақтап, Қазақстанды сенімді транзиттік хаб ретінде дамыту керектігін айтты. Осы мақсатта балама теміржол бағыттарын қалыптастыру қажет. Бұл жерде Достық – Мойынты, Бақты – Аягөз, Мақтарал – Дарбаза жобаларын жүзеге асыру, Алматы қаласын айналып өтетін теміржол желісін салу жөнінде сөз болып отыр.

Қазақстан Президенті айтқан осы бағыттар толық жүзеге асса мұнай тасымалдау ісінде де ешқандай мәселе болмас еді деген ойдамыз.

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

Басы 1-бетте

ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН ТАПСЫРМА ҚАЛАЙ ОРЫНДАЛУДА?

Қазір әділеттілік, іскерлік, ұйымдастырушылық қарапайымдылық қағидаттары халық сұранысына сай іске асуда.

– Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің нығая түсуі өңірлерді дамыту, масылдық көңілкүйді төмендету және еліміздегі демократиялық өзгерістерді орнықтыру үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Жаңа Қазақстанның іргетасы саяси және экономикалық реформалардың үйлесімді байланысы негізінде қалануға тиіс. Бұл біздің елімізді дәйекті түрде ілгері дамытуды және азаматтардың тұрмыс деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді. Жаңа Қазақстан дегеніміз – егемен еліміздің болашақтағы бейнесі. Өз елінің ертеңіне сенбеген халық мықты мемлекет құра алмайды. Бұған тарихтан талай мысал келтіруге болады. Біз келешегіміз кемел боларына және жарқын болашақты өз қолымызбен жасай алатынымызға сенеміз. Әрбір азаматтың конституциялық құқығы мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етеміз. Мемлекет пен қоғамның өзара сеніміне және құрметіне негізделген жаңа саяси мәдениетті қалыптастырамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Басы 1-бетте

ӨҢІРДЕГІ ӨЗГЕРІС

Облыстық статистика департаментінің мәліметтеріне сүйенсек, Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіші жоғары екені байқалады. Атап айтар болсақ, қала көлемінде биылғы өнеркәсіп өнімдерінің өндіріс көлемі 299904 млн теңгеге артқан. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 91,6 процентті құрайды. Кен өндіру өнеркәсібінде есепті мерзімде 1697,5 мың тонна мұнай өндіріліп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 92,2 процентке жеткені анықталған. Өңдеуші өнеркәсіп саласында 18633 млн теңгенің өнімі өндіріліп, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 82,9 процентке жеткен. Бұл жалпы өнеркәсіп өнімінің 6,2 проценті.

Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда мұнай өңдеу өнімдерін өндіру ісі 11,5 процент, өзге металл емес минералдық өнімдерді өндіру 19,1 процент, машина жасау – 38,1 процент, машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату – 29,5 процентке азайған. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы өнімінің көлемі 2022 жылдың қаңтар – мамыр айында 1477,1 млн теңгені құрап, өнімнің нақты көлемінің индексі өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 100,2 процентке жеткен. 2022 жылдың қаңтар – мамыр айларында негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 47 404 млн теңге болып, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 115,1 процентке артты. Облыстағы үлесі 56,2 процент. 2022 жылдың қаңтар – мамыр айларында құрылыс жұмыстарының көлемі 11478 млн теңге құраса өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен салыстырғанда 119,8 процентке жеткені анықталып отыр. Аймағымызда атқарған құрылыс жұмыстарының 68,8 проценті қаланың үлесіне тиесілі.

Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы 133302 шаршы метрді құрап, өткен жылмен салыстырғанда 116,3 процентке артты. Бұл қала бюджетінің 2022 жылдың 1 маусымына кірістер болжамы бойынша (трансферттер мен зайымдарды қоса есептегенде) 16015,4 млн теңгені құрап, 103,2 процентке орындалды.

Қала бойынша жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік нысандардың саны өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен есептегенде 110,7 процентке артқан. Тағы бір айта кетерлігі, қала көлемінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны – 28 330 бірлікті құрайды. Оның ішінде жұмыс істеп тұрғандары – 24926 бірлік. «Қарапайым заттар экономикасын дамыту» бағдарламасы бойынша басымдық берілген жобаларды жеңілдікпен несиелеу бағдарламасы шеңберінде құны 228 млн теңгені құрайтын 2 жоба қолдау тауып отыр. «Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған» мемлекеттік бағдарламасы аясында қаласы бойынша «Индустрияландыру картасына» енгізілген жалпы құны 68,1 млрд теңгені құрайтын 12 жоба (868 жұмыс орны) жүзеге асырылуда. Жолдауда туындаған негізгі басым бағыттардың орындалуы аясында экономикалық белсенді халық саны 134,9 мың адамды құрап, жұмыссыздық деңгейі 4,7 процентке азайған. Жыл басынан бері жаңа жұмыс орындарымен қамтылған азаматтар саны 4927, оның ішінде тұрақты жұмыспен қамтылғаны 2410 адам. 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жобасы аясында жыл басынан бері 1980 адам қоғамдық жұмысқа, 146 адам әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілген. Жастар тәжірибесіне 377 жас маман жолданған.

Тұрар ШАЙДУЛЛАҰЛЫ

ХАЛЫҚ ҮНІ

ЕЛДЕН СҰРАҚ, ӘКІМНЕН ЖАУАП

1

– Талсуат ауылы қалаға жақын орналасқан елді мекеннің бірі. Әйткенмен ауылға қатынайтын қоғамдық көлік мәселесі қалай шешілген? Әлде, тұрғындар қалаға таксимен қатынай ма?

– Талсуат ауылдық округіне «Талсуат-Арай-3» бағыты бойынша №31 қоғамдық көлік қатынайды. «М-Бывалый» ЖШС тендер жеңімпазы. Күнделікті қала мен ауыл арасына 10-11 мәрте қоғамдық көлік қатынайды. Ара-қашықтығы 15 минуттан. Ал жексенбі күндері қоғамдық көлік 3 мәрте жүреді. Ара-қашықтығы – 40 минут. Көлік мәселесі шешілген. Тұрғындардың өз қажеттілігіне байланысты ауыл мен қала арасында таксиге мінушілер де бар.

2

– «Балалар жылына» орай ауылда қандай жұмыстар жүзеге асуда?

–Талсуат ауылында «Балалар жылы» аясында бірқатар жұмыс қолға алынған. Қала әкімдігінің ұйымдастыруымен қалаға қарасты кент және ауылдық округтердегі жасөспірімдер арасында футболдан жарыс өтті. Ауыл балаларының уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектепте және ауылдық клубта түрлі үйірмелер жұмыс істейді. Үйірмеге қатысушы балалар республикалық, облыстық, қалалық байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленуде. Сонымен қатар ауыл әкімінің кубогына жаңадан құрылысы жүргізілген футбол алаңында футболдан жарыс өтті. Мүмкіндігі шектеулі азаматтар арасында «Дойбы» ойынынан жарыс өткізді. Жарысқа мүмкіндігі шектеулі балалар да тартылды. Алдағы тоқсандарда балалар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылады деп жоспарлануда.

3

– Талсуат ауылының тұрғынымын. Ауылды ауыз сумен қамтамасыз ету үшін қазылған жаңа су ұңғымасының мәселесі қалай шешіліп жатыр, тиісті мекеменің теңгеріміне қашан беріледі?

– Жаңадан құрылысы жүргізілген ауыз су жинау қоймасынан берілетін ауыз су сапасы мен тиісті мекеменің теңгеріміне беру жөнінде Қызылорда қалалық құрылыс бөліміне хаттар жолданды. Қазіргі таңда екі скважина да тазаланды. Тапсырыс беруші мекеме «Қызылорда қалалық құрылыс бөлімі» КММ теңгерімге алатын мекеменің ескертпесіне орай құжаттарына сәйкестендіру жұмыстары жүргізілуде.

4

– Қазіргі таңда Сырдария өзенінде су тапшылығы байқалады. Ауылдағы аяқ су мәселесі қалай шешілуде?

– Шынында да, аяқ су мәселесі болды. Биыл Талсуат ауылдық округіндегі А.Байкенжеев көшесінде 2 аяқ су ұңғымасы қазылып, аяқ су берілуде.

5

– Жаңа қоныстанушы аймаққа электр желісі қай кезде тартылады?

– Талсуат ауылдық округінде 13 көшені электр желілерімен қамтамасыз ету мақсатында жобалау-іздестіру жұмыстары жүргізіліп, қалалық құрылыс бөлімі арқылы жоба-сметалық құжатын сараптамасымен әзірлеуге қалалық бюджеттен қаржы бөлуге бюджеттік өтінім тапсырылды. 2022 жылғы 18 мамырдағы қалалық мәслихаттың сессиясында қолдау тапты. Жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеуге және сараптамадан өткізуге қаржы қалалық құрылыс бөліміне отырғызылып, мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізіледі. 13 көшеге Қызылорда электр тарату тораптары компаниясына техникалық шарт алу үшін хат жолданды. 13 көшенің электр желілерімен жабдықтау нысанын жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 44-1-бабына сәйкес жер бөлу жөнінде Қызылорда қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімімен хат жолданып, жұмыстар жүргізілуде.

6

– Орталық көшелердің бірі Көкшетау көшесі қай кезде асфальтталады?

– Талсуат ауылдық округінде орналасқан 8 көшеге «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында қалалық бюджеттік жоспарлау бөліміне бюджеттік өтінім тапсырылды. Көкшетау көшесі осы көшелердің қатарында. Алдағы уақытта қаржының бөлінуіне байланысты жұмыстар жүргізіледі.

7

– Ауылымызға жаңадан мәдениет үйі салынады дегенді естіп едік. Сол жұмыстар қалай атқарылып жатыр екен? Одан кейін ауылдың оң жағында жаңадан салынған үйлер өте көп. Жолдарының барлығы тақтайдай тегіс, ризамыз. Бірақ балалардың барлығы сол жолды алаңқай есебінде пайдаланып, «ажалдың астында» ойнап жүр. Бүлдіршіндерімізге ойын алаңы салына ма?

– 2022 жылы «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Талсуат ауылдық клуб ғимаратының құрылысы басталды. Тапсырыс беруші – қалалық құрылыс бөлімі. Жобалаушы мекеме – «Крез-сервис» ЖШС, мердігер мекеме – «Өмірзақ» ЖШС. Қазіргі таңда мердігер мекеме клуб ғимаратының өзіре жұмыстарын жүргізуде. Сонымен қатар ауылдық округте балаларға арналған екі ойын алаңы бар. Жаңа қоныс аймаққа балалар ойын алаңын салуға жоба-сметалық құжаттары дайын. Қалалық экономика және бюджетті жоспарлау бөліміне бюджеттік өтінім тапсырылды. Қаржының бөлінуіне байланысты жұмыстар жүргізіледі. Сонымен қатар ойын алаңының құрылысы үшін жер учаскесі заңдастырылуда.

8

– Талсуат ауылында 3 әлеуметтік қызмет көрсету орталығы бар. Осы мекемелерге Талсуат ауылынан қаншама ауыл тұрғындары жұмысқа «Қызылорда-Жалағаш» тас жолынан қатынайды. Осы жол бойына көше жарығы мен жаяу жүргіншілер жолы салынбай ма?

– 3 әлеуметтік қызмет көрсету орталығына тұрғындардың жұмысқа қатынауына жаяу жүргіншілер жолы мен көше жарығын жүргізу үшін қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне бюджеттік өтінім тапсырылды. Іздестіру-жобалау жұмыстары жасалды. Жоба-сметалық құжаттарын жасатуға қаржы бөлуге ұсынылды. Қаржының бөлінуіне байланысты жұмыстар жүргізіледі.

Дайындаған **Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ**

Басы 1-бетте

P.S. Өз ауылыңыздың әкіміне қояр сауалыңыз болса «Ақмешіт апталығы» газеті редакциясына хабарласыңыз. **Телефон: 8 (7242) 40 11 10. E-mail: akmeshit.kz@mail.ru WhatsApp 87029325225**

ЖАЗ МАУСЫМЫ СУҒА КЕТУМЕН ЕСТЕ ҚАЛМАСЫН

ЖАҒАЖАЙ КЕРЕК

Жоғарыда айтылған аумақтың көбі жабайы жағажай саналады. Онда арнайы құтқару жабдықтары не құтқарушылар жоқ. Халықтың өзі белгілеп алған жағажай, канал, арық сынды орындар. Айтпақшы, жабайы жағажай дегенің де тегін дүние емес. Оған кіру үшін де ақы төлейсің. Ал өзен жағасы, канал, арық дегенге екінің бірі бара алады. Содан да болар бұл жерге көпшілік отбасымен баруды әдетке айналдырған.

Өткен жылы қалаға әкім болған Ғанибек Қазантаев тұрғындарды жақсы жаңалығымен қуантқан. Ол Сыр жұртшылығына арнайы жағажай салынатынын айтып еді. «Эдельвейс» саяжайынан арнайы орын белгілеп, тегін жағажайдың құрылыс орнын барып бағамдап қайтқан. Дайындық жұмыстары жүріп жатқанынын да байқаған едік. Тіпті қолданысқа берілетін уақытына дейін нықтап айтқан. Алайда жаз өтіп ол жағажайдың жайы ұмыт болды. Кейін ол аумақтың санитарлық-гигиеналық талапқа сай болмауына байланысты тұрғындар қауіпсіздігі үшін мерзімінде беруге мүмкіндік болмағанын білдік.

Биыл жаз жеткенше қалада ауыс-түйіс орын алып үлгерді. Жаңадан келген әкімнен жағажай туралы жаңалық естімедік. Бәлкім былтырғы жайдан хабары болмаған-ау. Қалай десек те әзірге бұл жағажайда үнсіздік.

Осы орайда бұл мәселені фэйсбук желісінде көтерген едік. Одан қала тұрғындарының жағажайға мұқтаж екенін аңғаруға болады. Әлеуметтік желіде жағажайды керек еткендер көп. «Сырдария өзенінің жағасында тұрып жағажай жоқ деуге ұяласың» деген уәж айтқан.

– Жаз шыққа суға түскіміз келетіні рас. Әсіресе балалар үйде байыз таппайды. Шомылуға барайық деп күнде айтады.

Басы 1-бетте

Ата-ана болғасын өтінішін орындағың келеді. Бір-екі рет бассейнге апарасың. Бірақ одан артық баруға шамаң келе бермейді. Қымбатшылық қалтаңа салмақ түсіреді. Бұрын резеңке бассейн сатып алып, сонымен қуантушы едік. Ол да бір жылдан аса уақытқа шыдамайды. Тұрғылықты жерімізде кішігірім канал бар. Бірақ онда түсуге болмайды, қауіпті деп күнде ескертеміз. Түс кезінде өз бетінше үйден шығып кетпеуін қадағалап отырамын. Теледидардан небір жағдайды естігесін уайымдайсың. Қаламызда жағажай болса, тегін қылмаса да кіру ақысын қолжетімді етсе қарапайым халыққа жақсы ғой. Әсіресе балалар қуанып қалар еді. Ондай жағажай салуға мүмкіндік бар деп ойлаймын, – дейді қала тұрғыны Мереке Жұмабаева.

АҚЫЛЫНЫҢ АҚЫСЫ АРТЫҚ

Қалада рұқсат етілген суға түсетін орындар баршылық. Тек олар жеке кәсіпкер меншігінде. Сырдария өзенін жағалай орналасқан аумақтың барлығын дерлік меншік иелері кәсіп көзіне айналдырған. Бірақ онда қайта-қайта бара беруге көптің шамасы келмейді. Жоғарыдағы тұрғын атап өткендей қалтаға салмақ түсіреді.

Мәселен, қаладағы бір демалыс орнына бару үшін қалтаңда кемі 50 мың теңгең болуы керек. Кіру ақысынан бастап, ішетін суың, жейтін асыңа дейін сол жерден сатып аласың. Ондағы бағаның төмен болмасы белгілі ғой.

«СУҒА ТҮСУГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ»

Тұрғындардың көбі осыған мән бермейді. Суға түсер кезде сол аумақтың оған рұқсат етілген не етілмеген аумақ екенін ескергені жөн. Бұл басының амандығы үшін маңызды. Алайда бұған бас қатыра қоймайтынымыз бар. Соның салдарынан қайғылы жағдай болып жатады. Қалалық төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты Мақсат Серікұлының айтуынша, қалада 60 суға түсуге рұқсат етілмеген аумақ бар. Олардың барлығына «суға шомылуға тыйым салынады» деген жазуы бар тақтайша ілінген. Десе де оған назар аударып жатқан ешкім жоқ.

КІМ КІНӘЛІ?

Биыл облыс бойынша 21 адам суға кеткен. Оның 7-еуі бала. Құдай сақтап құтқарушылардың көмегімен тағы жеті адам аман қалған. Ал қалалық төтенше жағдайлар басқармасының мәліметінше қала бойынша 8 адам суға кетіп, оның бесеуі қаза тапқан. Қайғылы жағдайда ұшырағандардың 3-еуі бала. Ал былтыр 13 адам суға кетсе, оның 8-і бала.

– Аталған 8 жағдай Сырдария өзені, Сталин каналы, Қараөзек ауылы, «Абай» жағажайы, ПМК-29 саяжайындағы көлде, «Көксу» демалыс орнында болды. Мұның бәрі тұрғындардың судағы қауіпсіздік ережесін сақтамауынан болып отыр. Яғни мас күйінде және су айдынының жабдықталмаған жерінде суға шомылған, – дейді басқарманың аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты Мақсат Серікұлы.

Суға түсу маусымы басталғалы 488 төтеншелік жұмылдырылған 90 рейдтік шара жүргізілген. Нәтижесінде рұқсат етілмеген аумақта суға түскен мыңнан астам тұрғынға түсіндірме жұмысы жүргізілген. Тұрғындардың көбі суға түсуге отбасымен бірге келеді екен.

– Тұрғындардың суға түсуге рұқсат етілмеген аумаққа отбасымен келіп демалуы көбейген. Балалардың суға кетуі отбасының көз алдында болып жатады. Мұндай жерде бала тұрмақ, ересек адамның өзі тілсіз жаудың құрығынан шыға алмайды. Сондықтан отбасының амандығын ойлайтын әрбір азамат мұндай жерге келуден аулақ болса деймін. Адам өмірінен артық ештеңе жоқ екенін ұқса екен, – дейді маман.

Кім болса да «суға ағып кетемін» деген қорқынышпен шомылмайтыны анық. Бір сергіп алайын дейтін болар. Ал қатер – аяқ асты. Ересектердің өзі осылай ойласа, балалардың тіпті байыбына бармайтыны белгілі. Жыл сайын суға түсу маусымында қайталанатын жайт осы. Ал тиісті сала мамандары қайғылы оқиғаның алдын алуда полиция басқармасымен бірлесіп халық арасында түсіндірме жұмыстары тұрақты жүргізіліп отырғанын айтады.

Жаз келген сайын жыры бітпейтін мәселенің бірі – осы. Қалай десек те нағыз аптап ыстықты бастан өткеретін сырбойылылықтар үшін сусыз күн кешу қиын. Күн төбеңді тескенде бір салқындайын деп суға түскен жанды түсінуге де болады. Бірақ соңы орны толмас қайғымен аяқталса өкінішті. «Өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмайтын» бір амал керек сияқты.

Ал көпшілікке арналған жағажай қарапайым халық үшін тиімді болар ма еді?

Айдана СЕЙІЛ

АЖЫРАСУ МӘСЕЛЕНІҢ ШЕШІМІ МЕ?

СТАТИСТИКА СЫРЫ

Қаламыздағы АХАТ бөліміне барсаңыз, ерекше күйге енгендей боласыз. Тіптен, көз алдыңызға бір-біріне мәңгілік бірге болуға серт беріп, ақ некесін қидырып жатқан жас жұбайлар елестейді. Расында, бұл мекемеден талай жандар жаңа өмірге аяқ басу үшін некеге тұрып, уәделерін берді. Дегенмен сол қуанышты жағдай соңы өкінішке ұласып жатқандар бар. Өткеген-айы, бұл мекеменің есігін қайта ашып, ажырасуға арыз жазатындар көбейе түскені. Мәселен, осы жылдың шілде айына дейін 1199 неке қию тіркелсе, олардың 150-нің шаңырағы шайқалған.

Ал қалалық соттың берген мәліметіне сүйенсек, 2021 жылы 1677 отбасы ажырасуға өтініш берсе, 926 отбасыға шешім қабылданған.

Осы тақырыпты саралағанда «Азаттық рухы» газеті келтірген деректі көзіміз шалды. Келтірген статистикаға сүйенсек, Қазақстанда өткен жылы 48,2 мың отбасының шаңырағы шайқалса, соның 34,8 мыңы қала тұрғындары екен. Ал осы жылдың қаңтар-сәуір айында республика бойынша 5680 ажырасу тіркелген. Оның ішінде 4639-ы – қала тұрғындарының көрсеткіші. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, биылғы 4 айдың көрсеткіші бойынша ауыл тұрғындары арасында 1014 ажырасу тіркелген.

«Ажырасудың жоғары деңгейі елордада байқалған. 1000 адамға шаққанда ажырасу коэффициенті 3,54 құрады, ең төменгі көрсеткіш – Түркістан облысында 1000 адамға 1,20 жағдайдан келіп отыр. Ажырасудың басым бөлігі ортақ баласы жоқ ерлі-зайыптылар арасында тіркелген. Бұл көрсеткіш – 60,5%, ортақ бір баласы барлар арасындағы ажырасу үлесі – 20,8%, кәмелетке толмаған 2 және одан көп баласы барлар арасындағы көрсеткіш – 18,7%», – делінген Ұлттық статистика бюросының ресми мәліметінде. Сонымен қатар жалпы ажырасудың басым бөлігі яғни, 34,1%-ы отасқанына 10 жылдан асқан отбасылар екен.

«КІМ АЖЫРАСПАЙ ЖАТЫР...»

Міне, осы сөз қазіргі еліктегіш жастарды құртуда. Олар «отбасы» ұғымын жеңіл қабылдайды. Сезімдері лаулап «шын махабатпен үйленіп жатырмыз» дейді. Алайда өмірдің сәл ғана қиындығына шыдамай екіге ажырап кете барады. Бүгінгі ата-ананың да бұл сөзге еті үйренген. «Елде менің қызым ажырасып па, тәуекел, ішіме сыйған бала сыртыма да сияды» деп жеңіл-желпі қарайды. Сонымен ажырасудың себебі қандай?

Оның себептері көп. Ең біріншісі – жастардың бір-бірін жақсы танымай жатып, бас қосуы. Ажырасуға арыз беретіндердің басым бөлігі өз шешімдерінің себебін мінездерінің үйлеспейтінін, тұрмыста ортақ тіл табыса алмайтындығымен түсіндіретін көрінеді.

Басы 1-бетте

Ауылдағы ағайындар көбінесе тұрмыс тауқыметін себеп қылады. Көзіміз көріп жүр, арқа сүйер азаматтары ішкілікке салынады. Әйелін ұрады.

– Күйеуім табыс таппады, жатыпішер, жалқау. Егер ер адам отбасын құруға, бір отбасыны асырауға шамасы жетпесе оған несіне сенім артамын. Соқыр сезіммен үйлендім бе, алдандым ба, білмеймін? Некеміздің соңы ақыры ажырасуға әкелді. Себебі әйел жаратылысынан ер адамнан қамқорлық пен мейірім күтеді. Арқа сүйер ер-азамат іздейді. Сол сенім үдесінен шыға білу ләзім, – дейді Алмагүл есімді келіншек (есімі өзгертілген).

Екі жаққа кетісудің тағы бір себебі – ер адамдарда құмар ойындарына, одан қалса жүріс жасауға әуестік басым. Бұлар – әйелдің сабырын түбі бір тауысатын жаман әдеттер. Содан отбасы екі жаққа бөлініп тынады.

Одан бөлек, тырнақ астынан кір іздейтіндер де табылады. Бұл жағдайға көбінесе, қалада өскен еркетотай қыздар әуес. Себебі ауылдың жігітін жақсы көріп, отбасын құрады. Әрі кетсе, бір ай ауылда тұрар. Содан күйеуін қалаға көшуге азғырады. Енесімен сыйыспайды. Әсіресе осы себеп қоғамда белең алып барады. Арамызда мұндай жайды өз басынан өткерген азаматтар да бар.

– Келіншегім екеуміз төрт жылға жуық қыз бен жігіт болып жүрдік. Отбасын құруға шешім қабылдап, заңды некеге тұрдық. Алайда ол бір-екі айдан кейін өзгере бастады. Қалада тұруды мақсат етті. Ата-анам рұқсатын беріп, қалада пәтер жалдап тұрдық. Одан кейін тағы өзгеріп, ата-анасымен бірге тұруға ұсыныс айтты. Мен келіспедім. Әке-шешемді тастап, қалаға келдім. Енді соның үйіне күшік күйеу болуым керек пе?. Осы мәселелер арамызды суытып, ажырасуға алып келді. Ақыры сот арқылы ажырасып тындық. Арамызда бала болмаған соң қиындық туғызбады. Дегенмен «ажырасқан» деген сөздің өзі жаман естіледі. Сондықтан болашаққа бірге қадам басарда бәрін ақылдасып, асықпай келісіп алған жөн екен, – дейді Қанат есімді 26 жастағы жігіт (есімі өзгертілген).

«ҚАЛАЛЫҚТАР АЖЫРАСУҒА БЕЙІМ»

Психологтардың айтуынша, көбіне 3-4 ай таныстықтан кейін шаңырақ көтеріп жатқан жастар ажырасады екен. Бұл уақытты қыдырумен, түрлі кафе, клубтарға барумен өткізіп, жанындағы адамды өмірлік жар ретінде тани алмайды. Үйленгеннен кейін ғана оның уақытты бірге өткізуге тек жақсы серік екенін түсінеді. Сондықтан да жастар үйленгенге дейін мейлінше көбірек әңгімелесіп, ішкі сырларымен бөліскен дұрыс деп кеңес береді. Бұл бір-бірін жақсы тани түсуіне, кейін оңай түсінісуіне көмек болады.

«Азаттық рухы» газетінде жарияланған отбасылық психолог Ержан Мырзабаевтың сөзіне сүйенсек, ауылға қарағанда қалада ажырасу мүмкіндігі жоғары екен.

«Біздегі қала тұрғындарының белгілі бір бөлігі ауылдан келетіні белгілі. Ауылда ажырасудың себебі болса да, оған мүмкіндік жоқ. Өйткені онда қоғамдық пікір жоғары, туысқандық қарым-қатынас рөл ойнайды. Шағын ауылда тұрғындардың бәрі бір-бірін жақсы таниды. «Елдің сөзіне қаламыз ғой, ұят болады» деген түсінік бар. Ал қалада ешкім ешкімді танымайды. Оның үстіне қала тұрғындарының заң тұрғысынан хабары бар, сондықтан олар бұған дейін жинақталып қалған проблемаларды ажырасу арқылы шешуді жөн санайды. Статистика бойынша біздегі ажырасудың негізгі себептері – зорлық-зомбылық, отбасында баланың жоқтығы, отбасылық өмірге дайын болмау, көзіне шөп салу, туысқандардың араласуы сияқты мәселелер кең таралған», – дейді писхолог.

Мақалада ажырасудың белгілі себептеріне тоқталдық. Бірақ қандай себеп болсын, ажырасу – ешқашан туындаған мәселенің шешімі емес. Неке әу баста құрылған кезде ғұмырлық ниетпен құрылады, сол қағида сақталуы тиіс. Ажырасу туралы ой үйленгендердің есіне ешқашан келмеуі қажет. Бұл шешім баланың тірі жетім қалуына септігін тигізеді. Сондықтан некелі жұптар ажыраспас бұрын өмірге келген перзентінің көзіне шынайы қарауы тиіс.

ӘЙЕЛ – ОТБАСЫНЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ

Отбасының бақыты – өзара түсінікте. Екеуара жарастық әйелге де байланысты. Шаңырақтың шайқалмауында, ұлттың ұлт болуында әйелдердің рөлі орасан зор. Әйелдің ең маңызды міндеттерінің бірі – үйдегі болған сырды сыртқа шашпау, сыр сақтау. Бұл салиқалы әйелге тән сипат.

– Ерлі-зайыптылардың сыры сыртқа шықса, отағасының абыройына нұқсан келеді. Исламды нық ұстап, ниеті дұрыс болып, қашан да Аллаға дұға етуші ерлі-зайыптыларға Жаратушы бейбітшілік пен берекет береді. Алла Тағала Құранда: «Олармен жақсы, байыпты түрде мәміле жасаңдар» («Ниса» сүресі, 19-аят), – дейді. Ал Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өз хадисінде: «Сіздердің ең жақсыларыңыз – әйелдеріңізге жақсы қарағандарыңыз», – деген. Сонымен қатар Байһақи хадистер жинағында Абу Умамадан (Алла оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Алла Елшісі (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «Шүкір етуші жүрек, Алланы еске алатын тіл және сенің дүниелік әрі діни істеріңе көмектесетін салиқалы әйел, адамдар жиған-терген қазынадан әлдеқайда қайырлы».

Шаңырақты ер мен әйелдің сыйластығы ғана ұстап тұрады. Сол себепті ерлі-зайыптылар бір-бірімен тіл табысып, жарасымды тіршілік етуі керек. Сондықтан да екі жақта әр істе сабыр етіп, перзенттеріне тәлім-тәрбие беруді ойлау қажет. Тұрмыста келіспеушіліктердің болуы қалыпты жағдай. Қазақ халқы «Үй болған соң ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды» деп бұған түсіністікпен қараған. Әрбір қиындықты мұсылман адам сабыр мен кешірім арқылы жеңуі тиіс. Ең бастысы, отбасында ынтымақ пен тыныштық болса, мұндай шаңырақтың шайқалуы әсте, мүмкін емес. «Айырылған азады, қосылған озады» деген қағида берік сақталғанда ғана, ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген сенімі арта түспек, – дейді Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының (ҚМДБ) Қызылорда облысы бойынша өкілдігі, әйелдер, қыздар секторының жетекшісі Ләззат Сыдықова.

ШЫДАМ МЕН САБЫР ҚАЖЕТ

Отбасы – жеке адам өмірінің мәні ғана емес, мемлекеттің іргетасы. Сол үшін де осындай ауқымды мәселенің шешімін табуға ел болып үлес қосқан абзал. Әсіресе жастарға аға буын ақылы өте қажет. Отбасынан жаман мен жақсыны ажыратып өскен тәрбиелі жанның мемлекет үшін баға жетпес байлық екендігі де даусыз. Мейірімділік пен қайырымдылық секілді адами қасиеттерді бала бойына сіңіру шаңырақта берілетін тәрбие.

– Мәселе кімнің басында болмайды. Кез-келген отбасында кездеседі. Тек оған шыдамдылық пен сабыр қажет. Ең бастысы, аналар қыздарымызды қиындыққа төзуге үйретуіміз қажет. Сонда ғана отбасыны сақтап қалуға болады. Қазіргі таңда көбінесе жастар өзімшілдікке салынады. Соның себебінен сәбилері әкелерінен жырақта өседі. Ал біздің кезімізде қандай еді? Аналарымыз ерінің жолын тосып, алыс сапардан келсе, бар жылы-жұмсағын дайындап қарсы алушы еді. Әйелдің қызметі үйде, бала-шағасының қасында болатын. Солардың тәрбиесіне қарайтын. Отағасының қызметі түзде еді. Бүгінде әйелдер өзімшілдікке салынып, ерінің істегенін мен де жасай аламын дейді. Содан отбасының шырқы бұзылады. Сондықтан шаңырақ көтерген екі жас өз орнын толық біліп, оны өз деңгейінде атқара білсе, олардан бақыт алыстай қоймас, – дейді көпбалалы ана Дәмет Мәтенова.

ТҮЙІН...

Адамзаттың басты міндеті – отбасын құрып, ұрпақ өрбіту. Тал бесіктен жер бесікке дейін артынан із қалдырып, ұрпағына өнегелі, өрелі тәрбие беруге асығады. Әйтсе де дәл осы құндылығымыз күні бүгін маңыздылығын жойған сияқты. Батыстан соққан суық жел сияқты түрлі «сән» санамызды улап барады. Тіпті азаматтық некеге тұрып, көңіл қошы қаламаса, әпсәтте қош айтысуға дайын жастардың қарасы да аз емес.

Рас, сананы тұрмыс билеген уақытта бесіктегі баланың болашағына бей-жай қарайтындар көбейді. Сондықтан адал жар, ақ жаулықты ана болудағы жауапкершіліктің жүгі ауыр екенін ескеру керек. Жаңадан көтерген шаңырақты сақтап қалуды мақсат ете білген жөн. Сәбилердің ертеңіне сызат түспеу үшін – ауызбіршілік пен татулықты дәнекер еткен абзал.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

ҚҰРСАҚ ШАШУ НЕМЕСЕ ГЕНДЕР ПАТИ

Қазір қоғамда туған күн кештерінде торттың шамын үрлеп, бір-біріне лақтырып, одан жігіттің қызға тізерлеп тұрып, сөз салуы, тұрмысқа шығар алдында қалыңдықтың құрбылар арасында қызойнақ ұйымдастыруы, жүкті келіншектің ішіндегі сәбиін шармен білетіні, оған қоса дүниеге келген баланы перзентханадан дүркіретіп думандата шығарып алуы жиі кездесуде. Иә, біз ата-бабамыздан келе жатқан салтты ысырып, тағы да сол батысқа еліктеу үстіндеміз.

Жақында бір танысымның үйінде қонақта болдым. Ол шаңырақтағы келіннің аяғы ауыр болатын. Үйді жан-жақтан шармен безендіріп тастаған. Қабырғасына «ұл ма, қыз ба?» деп әдемі етіп жазып қойған. Бір кезде қонақтарға арналған бөлмеде тарс етіп шар атылып, ішінен кішкентай қызыл шарлар шашылып, бәрі келін мен күйеуін құшақтап, құттықтап жатты.

Шыны керек, алғашында түсінбей қалдым.

– Не болып жатыр?

– Құдай, гендер пати ғой. Келіннің не туатынын анықтап жатырмыз, – деп әлгі танысым бір күліп. Расын айтсам, мен гендер пати жайлы сол кезде ғана естідім. Содан ол патиді зерттей бастадым. Қызық көргеннен емес, ерсі көрінгеннен...

Әуелі «Гендер патиге» тоқталайық. Бұл – американдықтардың жақындарымен, дос-құрбыларымен атап өтетін отбасылық мерекесі. Негізгі атауы – Gender Reveal Party. АҚШ-та көптен бері қолданып келеді. Қазір поскеңестік елдерде сәнге айналуда. Гендерлік кешті жоспарлаған ерлі-зайыптылар УЗИ-ге түскенде баланың жынысын айтпауды, жасырын түрде конвертке жазып беруді сұрайды. Оны кеш барысында ашады. Осылайша, өздері де, қонақтар да баланың жынысын біледі. Егер дүниеге келетін сәби ұл болса, көк шар, қызға қызыл шарлар шашылуы тиіс. Сол түсі арқылы жиналған қауым болашақ шарананың жынысын біледі-міс. Содан кеш басталады. Дәл осындай басқосулар қазіргі жас жұптар арасында жиі қолданысқа енді. Бұл дұрыс па, бұрыс па?

Кейіпкерлеріміздің пікіріне жүгінсек... Осыған орай біз кешегі ақжаулықты аналарымыз бен бүгінгі жас аналардың көзқарасын білгенді жөн көрдік.

«УЗИ-сіз, патисіз баламызды дүниеге әкелдік»

Бұл – қаламыздың тұрғыны, көпбалалы, жетпістің үстіне шыққан ақжаулықты анамыз, әзиз әжеміз Шырынкүл Таңрақбаеваның сөзі. Ата салтын ұлықтаған, дәстүрін ұмытпаған қазыналарымыз бүгінгінің патиін құп көрмейді. «Ондай келіндер үшін біз ұяламыз» дейді.

– Жалпы ұлды да, қызды да беретін бір – Алла. Бұрынғылар баланың жынысы түгіл УЗИ-дің не екенін білмеді. Соның бірі – өзім. Біздің кезімізде көпті көрген, алтын құрсақты аналарымыз, әжелеріміз келінінің жүкті болғанын сезсе де, оны жалпақ жұртқа жария етіп, сүйіншілемеген. Бала құрсаққа әбден орнығып алғанша ешкімге тіс жармаған. Сұрай қалған жандарға астарлап жүкті болған жас келінді ұялмасын деп

және тіл-көздің сұғынан сақтауды ырымдап «күмәнді», «ішінде көжесі бар» деп тұспалдап айтатын.

Қазақы дәстүрмен үш айға дейін құрсағын сырт көзден жасырып ұстауы тиіс келіндер қазір іші білінер-білінбестен «гендер пати» деген бір «бәлені» тауып алып, дүрілдетіп өткізетін болыпты. Бұл көңілге қонымсыз, әрине. Ол баланың өмірге келу-келмеуі де неғайбыл. Бәрі Алланың қолында емес пе... Өмірге ұрпақ әкелуші жүкті ана керісінше перзентінің саулығын, амандығын ойласа, көптің көзінен сақтанып жүруі деп ойлаймын.

Кейде келініне жөнін айтып, сақтандырып отыратын енелердің де қалмағаны ма деп күйінемін. Бұрын ішімізді жарқыратып суретке түспек түгілі, ата-енемізден ұялып, кең көйлек киюге тырысатынбыз, төркінге де бармайтынбыз. Ал қазіргілер УЗИ-дегі суреттерінен бастап жинайды. Несін айтайын, ішін ұстап, ері келіншегінің ішін сипап, суретке түсіп, жарыса салып жатқандарды да көріп жүрміз, – деді Шырынкүл апамыз еш сырын жасырмастан.

– Қызым, қарап отырсаң, біз батыстан еш кем емеспіз. Қазақы салтымыз бойынша мұндай жоралғыға арналған «Құрсақ шашу» деген әдемі дәстүріміз бар. Мұнда да кәдімгідей мереке, басқосу болады. Бірақ ер-азаматтардың қатысуынсыз, жүкті келіншектің енесі абысын-ажындарын, келін-кепшіктерді шақырып, тойды атап өтеді. Сауық-сайран құрып, ән айтылып, би де биленеді. Келіннің аманесен босанып, аяқ-қолын бауырына алуына ниет білдіріп, ақжарма тілектерін арнайды. Қазіргі мағынасыз той тойлаудан гөрі, осындай ата дәстүрімізді жаңғыртсақ нұр үстіне нұр болар еді, – деп әңгімесін аяқтады көпті көрген кейіпкеріміз.

Енді жиырма жастан асқан жас аналардың көзқарасын білсек... Өкінішке орай олардың біразының гендер пати-ге қарсы еместігі байқалады.

«Гендер патиді» ұйымдастырғанда не тұр?

Қала тұрғыны, екі балалы, 23 жастағы жас ана Алуа Аманатқызы сөзін осындай сұрақтан бастады.

– Осы кезде үшінші балама аяғым ауыр. Мұндай пати өткізу менің де ойымда болды. Бірақ ата-енем намаз оқиды, үлкен кісілер. Ұсынысыма қарсылық танытты. Дей тұрғанмен, заман ағымынан қалмау қажет. Әр келіншек үшін болашақ сәбиіне осындай басқосу өткізсе несі айып? Қайта бәрінің көңілі көтеріліп, керемет кеш өтеді. Жалпы өзіме ұнайды, еш қарсылығым жоқ, – деген ойын білдірді жас ана.

– Алуа, қазақта құрсақ шашу деген той бар. Естіген боларсың. Неге соны гендер патидің орнына тойламасқа? Ол кеш те көңілді өтеді, – деп сұрадық әңгіме барысында.

– Біз жас болған соң бүгінгі күнмен жүргіміз келеді. Мүмкін, оны басқалары тойлайтын шығар. Бірақ мен емес, – деп қысқа қайырды кейіпкеріміз. Иә, жастардың көзқарасы әртүрлі. Алайда салт-дәстүрімізден аттап қайда барамыз деген сұрақ көкейде тұрғаны жасырын емес.

Тілші түйіні:

Құрандағы «Бұхари» сүресінде «Ғайып (құпия заттың) кілті бесеу. Оны Алладан басқа ешкім білмейді. Ертең не болатынын, әйелдің кімді босанатынын, жауын қашан жауатынын, кісі қай жерде өлетінін, Қиямет қашан болатынын Алладан басқа ешкім білмейді» деген сөз бар. Жарық өмірге келгелі тұрған сәбидің жынысы да, ғұмыры да бір Алланың қолында.

Халқымыздың «тал бесіктен, жер бесікке» дейінгі өмірі салт-дәстүрмен тізбектелгені белгілі. Десек те, дәстүрді бұрмаламай, өзгеден келген салтты санаға сінірмей, дұрыс дәріптеп кейінгіге жеткізе білген жөн. Қазіргі қоғамға «гендер пати» емес, атадан қалған «құрсақ шашуды» хит қылған дұрыс-ау деген ойға тоқталдық. Ал сіз қалай ойлайсыз, оқырман?

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

ӨНЕРЛІ ӨРЕНДЕР

ТАБИҒАТ КЕЗЕҢІ

Басымыздан кетпес үшін бақ тайып,
Жатпау үшін жұмыр жерде шет қалып,
Дүниеге шуақ шашу үшін біз,
Табиғатты аялайық, сақтайық!
Бұл жалғанда әр қияда жүр мейлің,
Тіршілікті деме бірақ тілдейін.
Өз болмысын сақтап қалған адамдар,
Таза, тұнық, табиғатпен бір деймін.
«Өмір көрген әрбір жанның бағы бар»,
Осы ойды танымыңа тағып ал!
Табиғаттың төрт мезгілі секілді,
Адамның да төрт тағдырлы шағы бар.
Дүниеге көктем болып келесің.
Жастық шақта жаз дидарын көресің.
Күз дегенің ағалық шақ арайлы.
Ал қыс келсе, қарттығыңа көнесің...
Осылайша түстің сен де жолға мың,
Сондықтан да жаппар ием қолдасын!
Төрт мезгілің тұнық болып сенің де,
«Адам» деген табиғатың солмасын!

Ақбота БАЙҚАСЫМОВА,
№140 қазақ орта мектеп оқушысы

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҒЫРЫМ

Терең ойдың араласам тұнығын,
Неткен азап әрі ғажап ғұмырын.
Таңбасындай түскен елдің басына,
Тәуелсіздік, қасиетті, ұлы ұғым...
Басыңнан өтті қиындық небір зұлмат күн,
Тынышыңды да құзғынға талай ұрлаттын,
Ал бүгін айың оңынан туды, қуан, ел!
Етегін ұста, бұйырған мынау шын бақтың.
Мызғымас берік алынбас алып қамалың,
Боздақтар өтті жасқа да бұлап жанарын.
Жастығын қиып желкініп өткен он алты,
Не деген ашкөз, не деген үлкен араның.
Артта барлығы болашағымнан зор сенім,
Арманым да жоқ, бақытты күндер көрсе елім,
Тәуелсіздік тұғыры қазақ халқымның,
Еркіндігіңнің төлқұжаты ол сенің!
Қазір жайың жақсы да халің тіпті,
Иығыңнан шешкелі ауырлықты,
Жүзіндегі арайды ұрлай алмас,
Енді ешбір жауыз да зәлім мықты.
Артта қалып алпауыт дүрбелең күн
Азаптың алыстатты бір белеңін,
Отыз жылдық мерекең құтты болсын!
Қазақы тағдыр тағы сүбелендің ...
Өзіңдей өр мінезді болмайды алып,
Ұрпағың ұран етіп қолдайды анық,
Тәуелсіз ел болғалы арманы асқақ,
Қуанышында шегі жоқ, сондай халық
Азаттықтың армансыз бір жұтымдай
Ауасымен тыныстау қандай бақыт!

Айдана СЕРІК,
№178 мектеп оқушысы

МЕН БАТЫРДЫҢ ҰРПАҒЫМЫН

Менің атам Әріпхан Әбілқасымұлы 1923 жылы Тереңөзек ауданындағы Шіркейлі ауылында діни сауатты, текті Әбілқасым атамыз бен Патима әжеміздің отбасында дүниеге келген. Құжат жүзінде комсомолға өту үшін 1922 жылы туған деп жаздырған. Әріпхан атамыз жастайынан еңбекқор, ақынжанды болып өскен. 7 жылдық мектепті бітіріп, Қызылорда қаласы педучилищенің 6 айлық курсын тәмамдаған.

Әскерге 1942 жылдың басында барып, 1946 жылдың аяғында қайтқан. Сталинград қаласынан бастап Австрия астанасы Венаға дейін 22 қаланы азат етудегі ерліктері айтарлықтай көп болған. Атамыз III Украина майданының командирі Маршал Толбухинның армиясында болған. Маршал Толбухинның соғыстағы әдісінің ерекшелігі көпшілік жағдайда қансыз, келісіммен қалаларды жаулағандықтан, Сталинге бұл әдіс ұнаған. Бірақ кей маршалдарға қарсы келген екен. Осындай әдіспен соғысқан Маршал Толбухинның атында Болгария елінде қала бар. Қаланы бұлай атаудың себебі – жергілікті халықтың Маршал Толбухинге деген риясыз ризашылығының белгісі. Ал менің Әріпхан атам осы армия қатарында пулеметші және гвардия жауынгері болған.

Атамыздың соғыс туралы бізге айтқан естеліктерімен бөлісейін. Таң уақытында өзеннің келесі бетіне өту керек болған. Алайда өзенге немістер мина қойған екен. Өзеннен өту мүмкін емес болғанымен, сол күні өзеннің суы тасып, 1 метрге кейін көтерілген. Осыны пайдаланып өзеннің келесі жағына аман-есен өткен әскерилер немістерді қуып жетіп тұтқындаған. Сәлден соң дүрбіден қарап тұрса, бір төбеде екі солдат келе жатыр екен. Өзіміздің солдаттар екен деп ойлап, алдынан күтіп алуға кім барады дегенде менің атам барған. Жүріп келе жатып, жақындаған уақытта қолдарындағы автоматтан неміс солдаттары екенін білген. Жағдайдың қиындығына қарамастан атам оларды тұтқындап алып келген.

Тағы бір шабуылда 6-7 солдаттың киімін тазалап отырған немістердің үстінен түсіп, барлығын тұтқындаған. 1944 жылы Румыния жеріндегі шабуылда партизандармен кездескенде ішінен бір жігіт: «Араларыңда қазақтар бар ма? Қызылордадан кім бар екен?» – деп сұрастырады. Ол кісі атамның ауылдасы, бір мектепте оқыған Ибраһим деген досы екен. «Партизан болып туысқаның келеді. Туысқаның болып паритизан келеді» деп білген атамыз досына да сенбеген. Бір күннен кейін барып, мән-жағдайды сұрастырады. Ибраһим атамыз тұтқынға түсіп қалып, қашып шыққан соң партизандарға қосылған екен.

Міне, осындай ерліктері үшін атам «Жоғарғы бас қолбасшы» Сталинның үш мәрте алғыс хатымен және 1944 жылдың сәуірінде III дәрежелі «Даңқ» орденімен, осы жылдың қарашасында II дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталған.

Соғыстан кейін елге оралған атамыз Тәжігүл әжемізбен шаңырақ құрған. Тәжігүл әжем де ерте жасынан тылда еңбек еткен. Тәжігүл Әбілқасымова әжеміз Ұлы Отан соғысындағы «Ерен еңбегі үшін» медалі иеленген, тыл, еңбек ардагері.

Атамыз «Қызылотау» ұйымының кітапханасында жұмыс істеген. Үш-төрт түйеге кітап артып, Ақши, Құмкөл, Арысқұм елдімекендеріне барып, қырдың бойында үй тігіп, ішін кітапқа толтырған. Халыққа радио мен патифон тыңдатып, кітап оқытып, сауатын ашқан. Атам 4 кеншардың кітапхана меңгерушісі болып қызмет атқарған. Сол ата-әжем екі ұл мен төрт қыз тәрбиелеп өсірген.

Елі үшін қан майданда кеудесін оққа тосқан Әріпхан атамыздың есімі біздің жадымызда мәңгіге сақталған. Мен осындай рухты, батыр атамның ұрпағы болғанымды мақтан етемін.

Инабат МЫРЗАБАЕВА,
№140 мектеп оқушысы

АУЫЛДАҒЫ АЛҒАШҚЫ «АЛАЯҚТАР»

Шіліңгір шілде... Жазғы демалыс. Бұл жолы Ақтөбенің Маржанбұлақ деген ауылында тұратын әжемнің үйіндеміз. Қақсап қалғыр қораз қайта-қайта бақырып-шақырып, ұйқы бермеді. Әрі аунап, бері аунап, болмаған соң ұйқымнан тұрдым. Өзімше ерте тұрдым десем сағат 9 болыпты. Ауылда бұл – «әбет».

Әжем «Ә-ә-ә, ояндың ба? Жуынып, шайға кел», – деді. Ұйқысын аша алмай тұрған мен «умывальникке» жуынып алдым. Күннің шақырайған көзі суды жылытпақ түгіл қайнатып жіберген. Жылы суға ұйқы қайдан ашылсын.

Дастархан басына отырып, таңғы асты бастап кеттім. Жаңа дайындалған қаймақ, шай, ыстық бауырсақ... Қорадан таң атпай теріп келген 10 жұмыртқаны түгел жарып, жеңгем табаға қуырып берді. Таласып-тармасып тамағымызды ішіп болам дегенше көкем атты жегіп қойған. Содан 3-4 бидон, бес литрлік бөтелкелерді тиеп алып, атарбамен бұлаққа қарай тарттық. Жетем дегенше «қарыз» болып қалған ұйқыны қандыруға мүмкіндік бар. Атарбада жатқан қара күпәйкені басыма жауып алып, ұйқыға кеттім.

Оянсам бұлаққа жетіппіз. Кісі қарасы қалың. Осы бұлақтан су алуға қаладан арнайы келетіндер де бар. Кезегіміз келгенде көке толтырып тұрады, біз тасимыз. Біз дегені болмаса 5 литрлік судың бәрін өзім тасып бітірем. Ақылы тасыған ағам «Кімнің күші көп, көрейік. Кім көп су апарса сол мықты болады», – дейді. Соған сеніп, бірден екі бөтелкеден ұстап, ұшып-қонып су тасимын. Әншейінде сабағанда өлтіретін ағамның осындайда әлі кетіп, мықшыңдап үш-төртеуін зорға тасиды. Сосын «Сенің күшің көп екен ғой, мықтысың. Бірақ келесіде көресің, мен сенен озып кетем» деп құлағыма «лапшаны» жақсылап іледі де жүгенді ұстап, үйге қарай тартамыз. Мен аңқау болдым ба, әлде ағам қатты ақылды ма, әйтеуір бұл алғашқы алдауы емес еді...

Біздің ойыннан бұрын тұратын миссия – металолом жинау. Ауылдағы темір-терсектің барлығын біз жинадық десек асылық емес... Бригадирлер бастап, біз қостап күннің ыстық-суығына қарамай жаздай темір жинап, өзіміз де тот басқан темірдей қап-қара боламыз. Бригадир Жалғас пен Сұлтан деген ағам. Екеуі құрдас, 1996-1997 жылғылар. Қара жұмысшы баяғы біз, кішкентай мен және құрдас құда балам Нұрдәулет. Нұрдәулеттің әкесі тракторист болған соң да, қай жерде темір барын одан артық білетін ешкім жоқ еді. Жұмыс уақытымыз күндізгі 11.00 мен түскі 15.00. Сағат үштен беске дейін «тихий час», әрі қарай ойын ойнайтын, мал келетін уақыт. Бар қызық та сол жұмыс уақытында.

Темір жинауға әбден машықтанған біз құрал-жабдықтардың түр-түрін жасап алғанбыз. Кішкентай тік күрек, қорадағы қоқысты шығаратын, салдыры бүкіл ауылға естілетін темір арба, ескі колонка-радионы бұзғанда шыққан магниттерді толтырып жіпке байлап алғанбыз. Жердегі ұсақ-түйек шеге, болт пен шуруп соған жиналады. Сол саймандарымызды сайлап, жұмысты бастаймыз. Ауылдың орталық көшесі саналатын «Победадан» басталады біздің керуен. Бұрын асфальт болған жалғыз көше. Ол асфальт мүжіліп, быт-шыты шыққан. Төртеуміз жолды төртке бөліп алып әкімдікке қарай тартамыз. Жолдан көрген бірде-бір темірді қалдырмай арбаға тиейміз. Солай ауылдың көше-көшесіне түсіп, темір жинаймыз. Ауылдың темірін тауысып біттік деген кезде ескі көлік шеберханасына барамыз. Ол жердің не құдіреті бар екені белгісіз, әйтеуір күректі сұққан сайын кем дегенде бір болт алып шығасың... Сөйтіп ала жаздай темір жинап, кезінде ауылдың

бүкіл техникасы тұрған көлік шеберханасының да металын тауыстық. Айтпақшы, сөйтіп жүргенде бір қызық болды...

Бір күні әкиматтан үйге адам келіпті... Шағымы бар екен. Не болды екен деп шыққан әжеме бірденені түсіндіріп жатыр. Содан кейін біздің екі «бригадир» әжемнің біраз ұрысын естіді. Сондағы әлгі бастықсымақтың әжеге айтқаны: «Балаларыңыз ауылдың қақ ортасында темір жинайды екен. Оған қарсылығымыз жоқ. Бірақ мына Победаның бойында жинағанды қойсын. Қанша дегенмен орталық қой. Жолдың қақ ортасынан дәу темірді қазып алады. Сосын қазған жерлерін көмбей, ойық-ойық етіп қалдырып кетеді. Түнде әкімнің НИВА-сы сол шұңқырдың біреуіне түсіп, машинасын бұзып алыпты. Енді көрсем штраф салам деп жатыр» деген екен. Ол кезде мицә (полиция), штраф десе жұрттың зәресі ұшады. Әженің ұрысқанына қайғырған екеуі жоқ «Ой, ол көшеде уже темір қалған жоқ, тауыстық бәрін» деп мәз боп жүр.

Сөйтіп, ең маңызды күн де келіп жетті. Жиған-терген темірімізді атарбаға тиеп, ауланы бір тазартып алдық. Екі кішкентай бізді «Ат онсыз да қиналып зорға апарады. Оның үстіне біз мына үйдің артындағыға емес, ана ауылдың шетіндегі Наурызға тапсырамыз. Ол 25 теңгеден қабылдайды. Көп шығады. Сендер үйде күтіңдер», – деп тастап кетті. Ондайда құрғыр уақыт өтетін бе еді...

Алыстан атарба көрсек елең ете қалып, есік алдында отырып күтеміз. Өзіміздікілерді көргенде алдарынан жүгіріп шығып, атарбаға секіріп мінеміз. Міне сала «долямызды» сұрасақ «Атарбаны сыпырып тастаңдар сосын ақшаны бөлеміз» дейді. Сыпырғышты ұстап алып, атарбаны шыбын тайып жығылатындай қылған соң сарайға барамыз. Ы-ы-ы, ең керемет сәт. Шытыр-шытыр еткен ақша, сыңғырлаған тиын. «100 келі жинаппыз. 2500 теңге шықты. Әркайсымызға 500 теңгеден келіп тұр. Ал қалған 500-ге магазиннен бірдеңе аламыз», – дейді. Қуанышта шек жоқ. Еңбек ақталды. Қалтада 500 теңге. Оның үстіне магазинге баратынымыз тағы бар...

Дүкенге барып, 2 лимонад, 4 кириешки мен бізге подарка ретінде бір-бір балмұздақтан алып береді. Бала көңіл қуаныштан жарылардай. Тәттіге әбден тойды оның үстіне ақшаң да бар... Ертең әжем пенсия алуға барады, сонымен еріп қалаға барып, әбден қыдырам деп жоспар құрып қойдым. Енді тезірек ұйықтап, таңға жету...

Таң атты. Ұйықтап қалыппын. Әже, Жалғас пен Сұлтан ағам жоқ... Қалаға кетіп қалған. Аңырап мен қалдым. Ертең өзіміз апарамыз деп аға-жеңгем алдаусыратып жүр. Олардың ауылдан аяғын аттап баспайтынын білетін мен алдана қоям ба...

Кейінірек бар шындық ашылды. Әлгі екеуі бізді мықтап тұрып алдап жүр екен. Олардың 100 келісі шынында 1 тонна екен. Қалтаға 25 мыңды салып алып, бізге 2500 шықты деп айтады. Содан 23 мың жарымды теңдей бөліп, қалада әбден рахаттанып қыдырып қайтады...

Оның өзін өсе келе білдік. Көбейту түгіл плюс пен минустан қиналып жүрген 1-2 сынып оқушысымыз ғой ол кезде. 100 келіні көп көріп жүрген біз екі «алаяққа» біраз алданып келіппіз. Бір-екі жыл бұрын бауырлар болып бас қосқанда, екеуі бар шындықты жайып салып, бір күліп алдық. Енді «Мүмкін кезінде солай алдамаса қазір аңқау болып жүре берер ме едік?» деп алдаусыратамын өзімді. «Бізді алып кетсе нелері кетеді екен?» деп ренжіп те аламын...

Аслан НҰРАЗҒАЛИ

ҰРЛАНҒАН АЛМА

Бір ауылдың шетінде бағбан қария өмір сүрді. Бағбанның бағында адамның көзін қызықтырар тәтті қызыл алмалар өсетін. Бір күні бағбан арықтың жағасында алма теріп отырып, көшеде иығына сөмкесін асынған баланы көреді. Әлгі бала көрші Тоқтарбайдың ұлы Мәулен еді.

– Әй, балам бері кел, – дейді қария маңдайындағы терін сүртіп. Ақылбай қарт жасы үлкен болса да тыным таппайтын. Өте еңбекқор, өзі жомарт, адал жан еді. Алып-ұшып жеткен Мәулен:

– Ата, мені шақырдыңыз ба? – деді.

– Ассалаумағалейкум, балам! Халың жақсы ма?

– Халім жақсы ата. Ата, мені не үшін шақырдыңыз? – деген Мәулен қарияның қолындағы үлкен қып-қызыл алмаларға қызықтай қарап қалды.

– Балам, сен Жандоспен бірге оқымаушы ма едің?

– Иә, ата. Бірге оқимыз.

– Мә, мына алманы сен ала ғой. Өзің же. Ал мына екі алманы мектепке кеткен немереме апарып берші.

– Жарайды, ата! – деген Мәулен қуанғаннан үлкен алмаларды бір-бірлеп сөмкесіне сүңгітіп жіберді.

– Көмегіңе рахмет, айналайын! – деген қарт мұңы көзімен ұзатып шығарып салды.

Мәулен жолда қария берген алманы жеп келе жатып, түрлі ойға берілді. «Мына алманың тәттісін қарашы! Атасы Жандосқа маған берген алмадан да қып-қызыл, дәмі тіл үйіретін алмаларды беріп жіберді. Жандосқа алмалардың біреуін беріп, біреуін тығып қойып, өзіме қалдырсам түк те етпейді» деп ойлады.

Жандос пен Мәулен төртінші сыныпта бірге оқитын. Көрші болған соң жұптары да жазылмайтын. Атасы күз келгелі Жандосқа

«мектепте қарындарың ашқанда жейсіндер» деп алма салып беретін.

– Атаң саған алма беріп жіберді, – деді Мәулен жымиып.

– Ой, жақсы болды ғой. Мен мектепке асығып, үйден алма алуды ұмытып кетіппін. Рахмет, саған! – деді Жандос қуанып.

Мәулен сөмкесін ашып, ішінен бір ғана алманы шығарып, досына берді.

– Атам бір-ақ алма беріп жіберген бе? – деді Жандос аң-таң болып.

– Иә, бір-ақ алма берді, – деп Мәулен желкесін қасыды.

Жандос досынан бірдеңе сұрайын деп еді, қоңырау соғылып, сыныпқа ұстаз кіріп келді.

Сабақ біткен соң Мәулен, Жандос пен оның інісі Айдос үйге қарай аяңдап келе жатты. Жандостың есіне бағанағы алма оқиғасы түсіп кетті.

– Қызық екен, – деді Жандос. – Атам күнде бізге ең аз дегенде екі алма беретін. Бүгін бір ғана алма беріп жіберіпті. Үйге барған соң атамнан неге бір ғана алма бергенін сұрайыншы.

Мұны естіген Мәуленнің екі беті дуылдап, қызарып шыға келді. Ұялғаннан басы төмен салбырап, еріксіз өзінің кінәсін мойындады.

– Кешір мені, атаң саған екі алма беріп жіберген, – деді Мәулен жерден екі көзін алмай. – Мен қызыл алмаларға қызығып, біреуін өзіме алып қалып едім.

– Жарайды, кешірейін. Бірақ енді сенімен дос болмаймын. Мен сен берген жалғыз алманы іниме бердім, – деді Жандос досының ісіне көңілі толмай.

– Сенің қарның ашқан шығар, – деді Мәулен қамқорси қалып.

– Жоқ, біздің қарнымыз ашқан жоқ. Мен ағама алманың жартысын бөліп бердім, – деді екінші сыныпта оқитын кішкентай Айдос.

Мәулен өз ісіне қатты өкініп, шыдай алмай сөмкесінен қып-қызыл үлкен алманы алып, Жандосқа ұсынды.

– Сен ұрлықшысың! Мен андағы алманы алмаймын.

– Неге? – деді Мәулен түк түсінбей. – Бұл сенің алмаң ғой. Атаң берген.

– Жоқ, енді бұл алма менікі емес. Сен бізден алманы ұрлап алдың. Аманатқа қиянат жасадың. Мен ұрланған алманы жемеймін, – деді Жандос.

– Мен де жемеймін, – деді Айдос тақ-тақ етіп. – Атам бізге адал асты ғана жеңдер деген. Бізге ұрланған алманың енді керегі жоқ.

Көпір үстіне келгенде ағайынды Жандос пен Айдос ұрлықшы Мәуленді жалғыз қалдырып, өздері алға ұзап кетті. Бұл кезде өз ісіне өкініп, ойланып кеткен Мәуленнің қолынан ұрланған қызыл алма сырғып, өзенге күмп етіп түсіп, ағып бара жатты.

Асхат ӨМІРБАЕВ

БАЛАЛАР БИЗНЕС БАСТАСА

Жазғы демалысты бос өткізбей, әр күнді пайдалы әрі қызықты ету маңызды. Мектепке бармағанмен кітап та оқып, ойын да ойнап, тиімді іспен де айналысу қажет. Осы орайда балаларға арналған шағын бизнес идеяларды ұсынуды жөн көрдік. Бұл арқылы ең алдымен аз болса да табыс табуға мүмкіндік бар. Ал одан бөлек мұндай бизнес бастама балаларға жеке экономика мен сауданы үйретеді. Сондықтан қолда бар дүниеден, еш шығынсыз бизнес бастап көруге әбден болады.

Міне, осындай жандар өз тәттілерін саудаға шығарып, тапсырыс та қабылдай алады.

Үй тәттілері. Қазіргі кезде жасөспірім қыздардың көбі кондитерлік іске қызығушылық танытып, тәтті тағамдар дайындауға құмартады.

Аспапта ойнау. Түрлі ұлттық аспапта ойнай алатын өнерлі өрендер де ақша таба алады. Олар өздерінің білгенін өзгеге үйретіп, аспапты меңгеруіне көмектеседі. Осылайша өздерінің шағын курсын ашып, онлайн және офлайн түрде жүргізуге болады.

Тауар сату. Бүгінде шетелден тауарға тапсырыс беруге болатын платформа қатары көп. Ол жерден пайдалы әрі трендтегі тауарларды арзан бағада сатып алуға болады. Ал ол заттарды сату арқылы пайда табуға болатынын ешкім жоққа шығармайды.

Компьютерлік сауаттылық. Қазіргі балалар компьютерді емін-еркін

қолдана алады. Ал енді осы біліктілігін бизнеске айналдыруға болатынын бәрі біле ме? Иә, расымен компьютерді қалай қолдану керектігін үйретіп, пайда табуға болады.

SMM маманы. Әлеуметтік желі – тек қызықты жазбалардың орны ғана емес біреулердің кәдімгі табыс тауып отырған платформасы. Әлеуметтік желідегі парақшасы арқылы ақша тауып

отырғандар да бар. Міне, сондай парақшаларды жүргізумен айналысатын SMM маманы қызметін жасөспірімдер де атқара алады.

Транскрибация. Бұл бүгінгі қоғамда көп сұранысқа ие ұғым. Аудио және бейне материалдардағы сөздерді мәтін ретінде жазушыларға сұраныс көп. Одан бөлек мәтін терушілер, конспект мен реферат жазу арқылы да табыс табуға болады.

P.S. Қазақстандағы Еңбек кодексіне сәйкес 14-16 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер тек 4 сағат қана жұмыс істей алады. Онда да еңбек шартын ата-анасы жасау керек. Ал 16-18 жастағы балалар жұмыс берушімен арада 6 сағаттық қызметке еңбек келісім шартын жасауға мүмкіндігі бар. Міне, осы жайттарды бизнес бастар алдында назарда ұстау қажет.

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3619 **Тапсырыс №1130**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Айтолқын АЙТЖАНОВА